



22 маусым, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғаринді қабылдады.

Президентке әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығындағы ахуалды тұрақтандыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берілді. Қазақстандағы биржа саудасының дамуы, құрылыс материалдары, тұрғын үй, жанар-жағар май нарықтарындағы бағаға қатысты ахуал, сондай-ақ, кірме жолдар нарығындағы жағдайды тұрақтандыру жөнінде мәлімет берілді.

Серік Жұманғарин Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттік және жеке операторлардың қызметіне жүргізілген талдау жөніндегі тапсырмасының орындалу нәтижелері туралы баяндады. Сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған қазіргі құрылымдарды оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарын айтты. Болжам бойынша олар 3,5 миллиард теңге экономикалық пайда әкеледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына фармацевтика, автожолдар құрылысы нарықтарындағы, денсаулық сақтау саласындағы монополияға қарсы әрекет ету шаралары туралы айтылды. Салалық ведомствоның жетекшісі Президентке бәсекелестіктің дамуына кедергі келтіретін шектеулерді жою үшін Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп қабылдап жатқан шаралар, Ұлттық жоба және бәсекелестікті дамыту жөніндегі заң жобасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік және басқа да тауарлардың бағасын төмендету жөнінде жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды. Атап айтқанда Қасым-Жомарт Тоқаев негізгі азық-түлік өндірісі көлемін ұлғайту, отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағдайы нашар топтарына қолдау көрсетуі қажет деп санайды.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жанармай жеткілікті ме?

Наурыз айынан бастап жанар-жағармай қымбаттады. Бұған көрші елдердің баға белгілеуі, қамтамасыз ету факторлары әсер еткен. Басқаша айтқанда, еліміздегі бензин бағасы көрші Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстандағы бағадан айтарлықтай төмен немесе жоғары болмауы тиіс. Баға төмен болса отандық өнімнің көрші елдердің нарығына экспортталуы себебінен тапшылық қаупі туындайды.

Қымбаттаудың тағы бір себебі – Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттарында жыл сайынғы жоспарланған жөндеу жұмыстарының жүргізілуі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов айтты.

– Қазір АИ-92 маркалы бензинінің орташа бағасы – 170,4 теңге, АИ-95 – 188,2 теңге және дизель отыны – 188 теңге. 21 маусымдағы мәлімет бойынша, жанар-жағар май бекеттерінде 3 141,6 тонна АИ-92 маркалы бензин, 3 153,9 тонна дизель отыны қоры бар. Мұнай өнімдерінің тапшылығын болдырмау үшін облыс әкімдігі Энергетика министрлігімен аймаққа белгіленген жүйе құраушы мекеме «Петросан» ЖШС және Шымкент, Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарымен күнделікті байланыс орнатып отыр, – делі ол.

Басқарма басшысының айтуынша, Шымкент мұнай өңдеу зауытынан 530 тонна АИ-92 маркалы бензин мен 1553 тонна дизель отыны 3-4 күнде облысқа жеткізіледі. Мұнай өнімдері зауыттары толық қуатта жұмыс жасауда және қор жеткілікті. Тапшылық темір жол вагондарының жетіспеушілігінен туындауда.

– Қазіргі таңда «Қазақстан темір жолы» АҚ-мен бірлесіп бұл мәселені шешу жолдарын қарастырып жатырмыз. Бұдан бөлек, мұнай өңдеу зауыттарымен жұмыс жасалып, қосымша өнімдерді тиеу жұмыстары пысықталуда, – деді басқарма басшысы.

«СБ» ақпарат



● ЕКПЕ АЛ!

Енжарлық зардабын ертең тартпас үшін

21 маусымдағы мәлімет бойынша, елімізде коронавирус вакцинасының бірінші компонентін 2 760 223 адам салдырса, екінші компонентті алғандар саны 1 668 032-ні құрады. Ал облыста 20 маусымдағы мәліметке сәйкес, I компонентпен егілгендер саны 119 224-ке жетіп, тұрғындардың қамтылуы 31,5 процент болды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Бүгінде тұрғындарға «Спутник V», «Hayat Vax SARS-CoV-2 Vero Cell», «QazVac-in» және «CoronaVac» вакциналары салынууда. Мамандардың мәлімдеуінше, вакциналардың бұл көлемі індетке қарсы вакциналауға жататын контингентті барынша кеңейтуге және ақысыз негізде екпе алғысы келетін адамдардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде аймақта 106, оның ішінде аудандарда 91 егу кабинеті бар. Бұдан басқа, шалғайдағы ауылдық аудандарда, ұйымдасқан ұжымдарда, адамдар көп жиналатын жерлерде (ірі сауда ойын-сауық орталықтары, базарлар және басқалары) екпе жұмыстарын жүргізу үшін арнайы тоназытқышпен жарак-

тандырылған жылжымалы егу пункттері ұйымдастырылып, бүгінде 37 жылжымалы пункт (бригада) жұмыс істейді. – Аймақта биылғы I ақпаннан бастап COVID-19 инфекциясына қарсы вакциналау науқаны басталып, барлығы 265 110 доза жеткізілді. Оның 165 560-ы I компонент болса (игерілгені – 119 224, қалғаны – 46736), 99 550-і II компонент (игерілгені – 66 179, қалғаны – 33 371). Жеткізілген 265 110 доза вакцинаның 4000 дозасы – QazVac-in, 64 500 доза – HayatVax, 185 610 доза – Спутник - V, 11000 доза – CoronaVac вакцинасы. Қазір облыс бойынша 19 медициналық мекемеде (соның ішінде қала бойынша 10, аудан бойынша 9 медициналық мекеме) егу жұмыстары жүргізілуде, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов.



Егілгендер арасында «Спутник V» вакцинасын 82 694 адам салдырса, «Hayat Vax SARS-CoV-2 Vero Cell»-ты 31 061 адам қолданды, ал I 695 адам «QazVac» және 3 774 тұрғын «CoronaVac» екпесін алған. Вакцинаның II компонентімен егілгендер саны – 66 179, қамтылу көрсеткіші 17,5 процентті құрайды. Жоғарыда бірінші компонентті алғандар санының 119 224 адамға жеткенін айттық. Оның ішінде медицина қызметкерлері – 15 698, яғни, 13,1 %, педагогтар – 31 492, яғни, 26,4 %, күш құрылымдар қызметкерлері – 4 171, учаскелік полиция қызметкерлері – 1 455, мемлекеттік қызметшілер – 4 739, яғни, 3,9 %-ті құрады, созылмалы аурулары бар адамдар – 1 456, студенттер – 4 006, яғни, 3,3 %-ті құраса, қалғаны басқа контингент.

Ал екінші компонентпен қамтылған 66 179 адамның ішінде 11532-сі (17,4 проценті) медицина қызметкері болса, 4,6 проценті, яғни, 3093-і мемлекеттік қызметкерлер, 3146-сы (4,7 проценті) құқық қорғау қызметкерлері. Ал педагогтар 19911-ді құрап, 30 процентті

қамтыды, 2275-і (3,4 проценті) әлеуметтік қызметкерлер болса, 24862-сі (37,5 проценті) басқа саладағылар.

I ақпан мен 20 маусым аралығындағы ақпаратқа сәйкес, №1 қалалық емхана (бекітілген халқының белсенді тобының 45,5%) мен Қармакшы (бекітілген халқының белсенді тобының 56,3%), Жалағаш (бекітілген халқының белсенді тобының 50,2%), Сырдария (бекітілген халқының белсенді тобының 47,2%) аудандары екпе жұмыстарын тиісті деңгейде орындаған.

Бүгінде әлемде, оның ішінде елімізде де вакциналаудың маңызы күн санап артып отыр. Себебі алыс және жақын шетелдердегі эпид ахуал алаңдатарлық. Ресейдің өзінде жағдай күрделеніп отыр. Мәселен, Санкт-Петербургте инфекция жұқтыру оқиғалары санының өскені соншалық, инфекциялық ауруханалардағы палаталар санының тапшылығы байқалуда. Соңғы тәулікте коронавирустық инфекцияның 1019 жаңа жағдайы тіркелген. Қалада вирустық инфекцияға шалдыққан науқастарға арналған ауруханаларда 9000-нан астам орын ұйымдастырылса, олардың 90%-і бос емес. Қаладағы жағдайдың күрделене түсуіне үндістандық Дельта штаммының пайда болуы, сонымен қатар, адамдардың вакцина салдырудан бас тартуы және карантин шектеулерінің сақталмауы себеп болуда.

Елімізде өткен тәулікте 930 адамнан коронавирус анықталса, Шымкент қаласы «сары аймаққа» енді, Нұр-Сұлтан қаласы «қызыл аймақтан» шыға алмауда. Ал өңірде өткен тәулікте 16 жағдай тіркелді. Осы орайда мамандар сақтық шараларын ұстанып, аурудың алдын алу үшін ұжымдық иммунитет қалыптастырудың маңызы зор екенін айтуда. Ұжымдық иммунитет қалыптастырудың тиімді тәсілі екпе екені белгілі. Ендеше екпе алуда енжарлық танытпау қажет.

● 23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

Пандемия және полиция пәрмені

Әлемді әбгерге салған індет кезінде погондылардың пәрмені күшейіп, оларға артықтар жауапкершілік жүгі де салмақтана түсті. «Мені ойымша, елімізде коронавирусқа қарсы шайқаста алдыңғы шепте жүрген полиция, медицина қызметкерлері, әскерилер мен еріктілер – жеке монументке лайық адамдар», – деп Мемлекет басшысы да олардың сындарлы сәттегі ролін айқындап берген еді.

Нәзере САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

2-бет

● 23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

Жауапкершілік жүгі жеңіл емес

Мемлекеттік қызметші қандай болуы тиіс? Осы сауалға келгенде берер жауап көп. Білімді-білікті, тәжірибелі, әдептен аспайтын, тәртіптен аттамайтын, әрі қарай жалғаса береті. Бұл мемлекеттік қызметтің тек белгіленген уақытта жұмысқа барып келуі ғана емес. 24 сағат бойы міндет пен жауапкершілікті аркалап, қоғамның сеніміне сәйкес түсірмеу дегенге саяды. Сәйкесінше, олардың жұмысына, іс-әрекеті мен қызметтік әдебіне бақылау күшті. Мұндайда жауапкершіліктен бөлек, мемлекеттік қызметшінің дамуына қандай қолдау жасалып жатыр деген сұрақ туындайды...

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

2-бет

Тұтыну нарығы: Бағаның тұрақтанатын сыңайы байқалады

«Өлмеген құлға келді жаз», дегі ертеректе бір пақыр. Қазақ астарлы, теңеу сөз айтуға келгенде шебер-ақ. Шамасы ауыр қыстан шатқаяқтап, титықтап шыққандарға қатысты айтылған сөз болуы керек.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Иә, өткен жыл біз үшін онайға түскен жоқ. Бүкіл әлем сияқты Қазақстан да төтенше жағдайда өмір сүрді. Дерттің салдарын жеңу үшін еліміздің тұрақты қорынан триллиондаған теңге бөлініп халықтың зардабын біршама жеңілдетуге қол жеткіздік.

Сонымен ауыр 2020 жыл артта қалды. Көктем келді. Артында жаз туы. Дикан қауымы дәнін сеуіп шаруасын бір жайлап алған сыңайы бар. Қызылорданың базарларына маусым айының орта шенінен бастап жаңа көкөніс өнімдері түсе бастайды. Бұны да солай. Негізгі жеткізуші – Шымкент, Өзбекстанның диқандары.

Өткен аптада, сонымен бірге күні кеше базарларды араладық. Мақсатымыз – көкөністің нарын білу. Білгеннің жөні бір бөлек, бірақтар сауда жасайтындармен

тілдесіп, өткен жылдың бағасын салыстырмалы түрде елестіріп көрейік.

Тұтынушы үшін барлығы қымбат сияқты болып көрінеді. Өйткені психология осындай. Сауда сөрелеріне көз жүгірттік. Осыдан бір апта бұрын базарларда жаңа картоптың бағасы 300 теңгеден сатылған еді. Он күн өткенде баға 230-250 теңгеге дейін төмендеген. Өнім жеткізушілер Түркістан облысының Сарыағаш ауданы немесе Өзбекстан төңірегіннің диқандары көрінеді.

– Былтыр дәл осы уақытта картоптың келісі 300-350 теңгеге шамасында болды. Бұл біздің тұтынушылар үшін өте ауыр баға еді. Сонымен бірге нарықтың төмендеуі өте баяу болды, – дейді біздің ескі танысымыз.

Сол танысымыз базардағы бағаға біршама өз сараптауын жүргізіп берді. Шпенің бағасы өткен жылға қарағанда біршама қонымды. Жуа, бақлажан, болгар бұрышы сол өткен жылдың шамасынан біршама төмен. Бірақ тұтынушылар да, сатушылар да бірауыздан кенеттен сөзін бағасының өте көтеріңкі екенін айтады. Оның себебін сарапшылар Өзбекстандағы жағдаймен түсіндіреді. Осы жылдың ақпан және сәуір айларында Өзбекстанда ауа райы біршама суық болған. Егін кеш егілген және оның тұтыну сөрелеріне жетуі едәуір кешігуде.

Нарықтың өз заңдылығы бар. Не нәрсе қат болса баға өседі. Керісінше бәсекелестік барынша дамып, өнім көбейген сайын бағаның түсуі жылдам үдеріске айналады. Байқағанымыз, халық тұтынатын картоп, сондай-ақ негізгі көкөніс бағаларының нарқы өткен жылдың дәл осы уақытымен салыстырғанда біршама төмен. Егер осы қарқын сақталатын болса, аталған өнімдерден биыл оншалықты тапшылық болмайтынын, соны-

мен бірге бағаның қолайлы болатынын байқайды.

Өмір бір орында тұрмайды. Халықтың өзін-өзі қамтамасыз етуге деген талпынысы біршама нәтиже бере бастады. Бұл

негізінен оңтүстіктегі еңбеккеш ағайынның бейнетінен көрініп тұр. Бұл – мәселенің бір жағы. Енді екінші қырына келейік.

Тұтыну нарығында күріш және ет бағасын шамаладық.



Соңғы екі-үш айдың көлемінде күріш бағасы бұрынғы деңгейде сақталып қалған. Тіпті сатып алушылар да сирек. Келісі сортына қарай 220-300 теңге аралығында. Оның бағасын шынын айту керек одан әрі өсірудің қисыны тіпті келмейді. Өйткені базар дәл осы бағаны мәңзейтін сынайды. Сонымен бірге жалпы тұтыну нарығындағы қымбатшылық біздің әрқайсымыздың ақшаны үнемдеуге деген құштарлығымызды туындатып отыр. Етке қатысты баға да осындай. Қуаныштық, мал басының төмендеуі нарықтың қымбаттауына келіп соғуы мүмкін деген алаңдаушылық барын жасырмаймыз. Бірақ әзірге баға сол бұрынғы деңгейде қалыптасқан. Кім біледі, бәлкім, күз, қыс айларына қарай... Әзірге біз бұл тұрғыда кесімді пікір айта алмаймыз.

Айтпақшы, осы мәселе бойынша Шымкенттегі әріптестерімен хабарластық. Жаңа көкөністің бағасы Қызылорда нарқымен ұқсас. Шамасы, көп жерде теңескен сынайды... Бұны енді нарық дейді.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мемлекеттік мекемелердегі электронды қызмет көрсету мәселелерін талқылады. Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Юлия Трemasова атқарылған жұмыстарды баяндап, негізгі көрсеткіштерді тізбеледі.

Биылғы жылдың 5 айында облыс көлемінде жалпы 2 666 076 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде 1585 850 қызмет «электрондық үкіметтің» веб-порталы және көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы, 34485 қызмет мемлекеттік корпорация

арқылы, 1045 481 қызметті мемлекеттік органдар қағаз түрінде көрсеткен.

Қазір жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 173 түрін көрсетеді. Электронды түрде 141 қызмет түрі қолжетімді. Қалған 18 қызмет түрін жыл соңына дейін орталық атқарушы органдар автоматтандырады деп жоспарлануда.

Жиында Юлия Трemasова «Электрондық қызметтерді алу орталығы» ашылғалы бері 27345 электронды қызмет көрсетілгенін атап өтті. Орталық арқылы тұрғындар қызметтерді электронды түрде өздігінен алады.

Сонымен қатар, облыстағы барлық мемлекеттік мекемелерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, орта және мектепке дейінгі білім беру органдарында, емхана-



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ларда, ауруханаларда электронды қызметтерді алу үшін 900-ге жуық «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» ашылған. Айта кетейік, өңірде өткен жылы Zoom платформасы арқылы 6 бағыт бойынша 12 онлайн-семинар, биыл 5 айда 4 онлайн және 1 офлайн семинар өткізілді.

Жиын соңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова басқарма басшысына электронды қызметтерді көрсету бағытындағы жұмыстарды жүйелеуді, қызметтердің уақытылы көрсетілуіне баса мән беру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, тұрғындардың қызметтерге қолжетімділігі бойынша түсіндірме жұмыстарын кешенді түрде жүргізуді және талдау жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Пандемия және полиция пәрмені



11 маусым күнгі мәліметке сенсек, пандемия басталғалы бері елде ішкі істер органдарының 7 мыңдай қызметкері коронавирус жұқтырды. Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев 27 әріптесін ажал тырнағаннан арашалап қалу мүмкін болмағанын айтып отыр. Оның 12-сі – полиция, 10-ы – ішкі істер органдарының әкімшілік қызметкері, 5-і – әскери қызметкер. Қауіпті індетке қарсы ұжымдық имунитет қалыптастыру мақсатында бүгінде сала өкілдерінің 93 проценті коронавирусқа қарсы екпе салдырды.

Иә, айтпай келген ауру біздің ғана емес, бүкіл әлемнің өмір сүру салтын өзгертіп, қалыпты тіршілік ырғағын бір-ақ сәтте басқа арнаға бұрып жіберді. Бұрынғы емін-еркін жүріс тыйылып, тәртіпке бағыну қажеттілігі туындады. Талай адам аядай болмеге тығылып, төрт қабырғаға телміруге мәжбүр болды. Жұмыстан шет қалғандардың ахуалын көргенде Абайдың «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, азырар адам басысы» дегені ойға оралды. Санаға түскен психологиялық салмақ өз кезегінде қылмыстың өршуіне жол ашты.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сүйенсек, карантин кезінде отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі ұшыққан. Соңғы бес жылда балаларға қарсы қылмыстар саны 30 процентке төмендегенімен биыл көрсеткіш күрт көтерілген. «Бұған адамдардың ұзақ уақыт үйде оқшаулануы және балалардың мектепке бармай, онлайн сабақ оқуы түрткі болды. Көп жағдайда қылмысқа отбасылық проблемалар, тұрмыстың төмендігі және ата-аналардың қоғамға жат өмір сүру салты себеп болды», – деді Е.Тұрғымбаев. Пандемия уақытында полициялардың көбі блок-бекеттерге шығып, көшедегі санитарлық талаптың сақталуын қадағалауға жұмылдырылды. Тұрмыстық

1-бет

зорлық жайы осы себепті назардан тыс қалғанын министрдің өзі мойындап отыр. Республика көлемінде ішімдік ішу салдарынан кісі өлтіру көрсеткіші де едәуір жоғары болды. Әйтсе де, бұл қылмыстарды әшкереу, дәлелдеу сияқты қыруар жұмыстын сыртында тәртіп сақшыларының еңбегі жатқанын қосқа шығара алмаймыз.

Дегенмен, биыл бес айда аймақта криминогенді ахуалдың аздап тынышталғаны байқалады. Есепті кезеңде қылмыс саны 13 процентке төмендеді. «Қоғамдық орындарда, көшеде, мас күйінде, отбасы-ошақ қасында жасалған келеңсіздіктер саны азайды», – дейді облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Шамшидин Ами-тов. Бірақ алаяқтарға тосқауыл қою қиын болып тұр. Жыл басынан бері осы санатта 409 қылмыс тіркелсе, соның 268-інде арам пиғылдылар «құрбандарын» интернет немесе әлеуметтік желіде тұзаққа түсірген. Сондықтан полиция халықты ба-рынша сақ болуға шақырады.

Қоғам тыныштығының қорғаны – ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбегі бағалануы тиіс. Осы орайда 2021-2023 жылдар аралығында полиция қызметкерлерінің жалақысы өсетіні мәлім болды. Бірінші кезеңде әлеуметтік жағынан аз қамтылған сержанттар, кинологтар, учаскелік полиция көмекшілері мен күзет қызметкерлерінің жалақысы 15 проценттен 58 процентке дейін көтеріледі. Қалған қызметкерлердің жалақысы өсе кезеңде 30 процентке артады. Министрлік әлеуметтік пакет кадрлық құрамның сапасын арттыруға және сыйбалас жемқорлық тәуекелін азайтуға ықпал ететініне сенімді.

Сала мамандары мемлекет қолдауының қайтарымы ретінде «Менің полицияым мені қорғайды» деген түсінікке лайық болуы қажет. Мемлекет басшысы айтқандай, олардан талап етлетіні – жұмыс тиімділігі мен халық сенімі.

Жауапкершілік жүгі жеңіл емес

Облыста 3,5 мыңға жуық мемлекеттік қызметші бар. Оның жартысына жуығы – әйелдер. 91 проценті жоғары білімді болса, 500-ге тарта – жасы 29-ға толмаған мамандар. Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының 22 және «Болашақ» бағдарламасының 4 түлегі де түрлі салада жемісті қызмет атқарып жүр. Бүгінде олардың құқығын қорғауға үлкен мән берілген. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан тыс уақытта қалмауына, үстеме ақы, материалдық жәрдемақы және сыйақы беру, еңбек демалысына шығару кезінде құқығы сақталуы назарда. Сондай-ақ, оң имиджін қалыптастыру бағытында арнайы жоспар бекітілген. Жоспарда мәдени, зияткерлік, құқықтық-ағарту шаралары қамтылған. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мамандардың кәсібиілігін пыншау және болашақта өзін осы саладан көргісі келетін жастар үшін «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Тәлімгерлер пулы», «Құрметке лайық», «Басшылар дәрісі» секілді бастамаларды сәтті қолға алды.

Тарқатып айтсақ, аймақта мемлекеттік қызметтен зейнетке шығатын азаматтарға құрмет көрсету мақсатында «Құрметке лайық» жобасы іске асырылды. Оның ішінен «Тәлімгер пулы» құрылып, мұнда сала ардагерлері жас мамандарды қызметке бағдарлау жұмысын атқарады. Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы университет-пен меморандумға отырып, «Абырой» жас мемлекеттік қызметшілер мектебі ашылды. Көсібі мереке қарсаңында мектептің алғашқы 25 тыңдаушысы арнайы сертификатқа ие болды. Әрі аталған университет базасында келесі оқу жылы-на бастап «Адам ресурстарын басқару» мамандығы енгізіліп, HR-мамандарын дайындау қолға алынатын болады. «Болашақ» университетімен де жастарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында келісім бар. Ал, «Басшылар дәрісі» жобасының мақсаты – азаматтардың сұранысы мен қажеттіліктеріне жетел жауап бере алатын әмбебап маман әзірлеу. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында қолға алынған жобаға облыс әкімдігі мен ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалы қолдау білдірген. Бастама аясында облыстық басқарма басшылары аймақтың

негізгі әлеуметтік-экономикалық салалары бойынша мемлекеттік қызметшілерге дәріс оқиды, жанашылдықтар жайынан хабардар етеді. Бұл мемлекеттік органға қабылдауға келген адамдарға мүмкіндігінше бір жерден жан-жақты ақпарат бере алатын мамандарды дайындау үшін жасалып отыр. Сонымен қатар республика бойынша өңірде алғаш рет «Болашақ» бағдарламасы мен ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы түлектерінің қатарынан «Түлектер пулы» құрылғанын білдік. Жоба аясында олар алған білімі мен тәжірибесін академияның облыстық филиалы базасында оқу курстарына қатысатын 500-ден астам мемлекеттік қызметшілермен бөлісетін болады. Мақсат – мемлекеттік қызметшілердің енесін көтеру. Олардың жеке өмірі мен отбасыларына көңіл бөлуге мүмкіндік жасау, ұжымда өткізілетін көптеген мәдени шаралар арқылы жұмысқа деген құлшынысын арттыру. Департамент басшысы Рафхат Бисенов тек көпшілік шаралар ғана емес, қайырымдылық көрсету, спорттық ойын-дар ұйымдастырылатынын айтты. Мәселен, 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күніне орай облыс әкімінің жүлдесіне арналған XXVI дәстүрлі мемлекеттік және ведомство қызметкерлері арасында спартакиада өткен және спорттық шарада 1000-нан астам мемлекеттік қызметкер пневматикалық мытықпен ату, шағын футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, бильярд, волейбол, арқан тарту, жүзу секілді 9 спорт түрі бойынша бақ сынаған.

Жоғарыда келтіргеніміздей, «Мен мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген жанның әрекеті, тәртібі мінсіз болу қажет. Себебі, ел мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына қарап билікке, оның қарапайым халыққа деген көзқарасына баға береді. Әлде колледсінде бұл мәселелерге ерекше басымдық беріліп отыр. Мемлекеттік қызметтегі өзгерістерді облыс тұрғындарына, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерге кеңінен түсіндіру мақсатында департамент кең көлемді ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізіп келеді және нәтиже көңіл көншітерлік. Ең бастысы, Әлде колледсі қызметкерлерді жазалауды емес, олардың бекітілген нормаларды сақтауын қадағалауды көздейді. Ал, бұл шаралар өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің салғырттыққа жол бермеуіне және мемлекеттік қызметші – қоғам айнасы, мемлекеттің абыройы екенін ұмытпауға сеп.

1-бет

● МӘСЛИХАТ

Кәсіпкерліктің бүгінгі ахуалы қандай?

Өткен жылы пандемияға ешкім дайын болған жоқ. Ол еңбек нарығына айтарлықтай әсер етті. Алайда, бұған қарамастан мемлекет бірқатар қолдау шараларын қарастырып, шағын және орта кәсіп иелеріне жеңілдіктер ұсынады. Қазіргі ахуал қандай? Өзекті мәселе облыстық мәслихаттың «Кәсіпкерлікті дамыту, жастар ісі және құқықтық мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының кеңейтілген отырысында талқыланып жатыр.

Сb Мәдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Маңызды шара кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығындағы «Бизнеске арналған Үкімет» кеңсесінің жұмысымен танысудан басталды. Мұнан соң облыстық мәслихат депутаты Мақсұт Нәлібаевтың төрағалығымен өткен комиссия отырысына ұласты. Оған облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, Қылышбай Бисенов, Аида Әбібуллаева, Нұрболат Ибраев, Мағжан Ералиев бастаған депутаттар мен атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерінің және бірқатар қаржылық ұйым басшылары қатысты. Отырыста облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов баяндама жасады. Басқарма басшысының айтуынша, облыста тіркелген кәсіпкерлердің саны – 55 738. Ал, жұмыс істеп тұрғандардың саны 49 671-ге жетіп, 7,3 процентке көбейген. Өңірде кейінгі 5 ай көлемінде мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнестің 12,2 млрд теңгеге 1 287 жобасы қаржыландырылды. Оның ішінде 4,2 млрд теңгені құрайтын несие ауылдық елді мекендердің жобасына бағытталып отыр.

– «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 8,9 млрд теңгеге кәсіпкерлердің 780 жобасы субсидияланды. Берілген несиелердің 6,9 млрд теңгені құрайтын 430 жобасы тек Қызылорда қаласының үлесінде, қалған 2 млрд теңгенің 350 жобасы аудандарға тиесілі. Несие портфелі өткен жылмен салыстырғанда 6 есеге артқан. Басты себеп – өткен жылы бағдарламаға микрокредит беру



құралы енгізіліп, банктердің микрокредитті онлайн форматта беру тәртібін іске қосуы. Бұдан бөлек, өткен жылы «2023 жылға дейін облысты экономикалық дамыту жоспары» қабылданып, бизнеске 271 млрд теңгені құрайтын 265 жобаны іске асыру ұсынылған болатын. Оның 7 млрд теңгені құрайтын 89 жобасы іске асырылып, мыңнан аса жана жұмыс орындары ашылды. Биыл жоспар қайта өзектендіріліп, инвестициялық жобалар саны 400-ге дейін ұлғайтылды. Оның ішінде тек осы жылы инвестиция көлемі 13,8 млрд теңгені құрайтын 96 өнеркәсіп жобасын қаржыландыру көзделуде, – деді Фердоуси Қожабергенов.

Сонымен қатар басқарма басшысы пандемия тойханалар қызметіне тоқтау қойғанын да алға тартты. «Облысты 2023 жылға дейін

экономикалық дамыту жоспары» аясында өңірдегі 128 тойхананың 16-сы қызметтерін өзге салаларға бағыттады. Айталық, Арал ауданында орналасқан «Ақниет», «Алмаз» тойхана-лары сауда нысанына, «Хан шатыр» асханаға, «Нұрсұлтан» мейрамханасы қондирлік өнім өндіретін цехқа, Қармақшы ауданында орналасқан «Алтын Ғасыр» киім сататын сауда

орталығына, «Мәлікә Ана» балалар ойын алаңы мен қондирлік өнімдер өндіретін цехқа, «Мирас» құрылыс материалдары дүкеніне ауыстырылса, «Айқын» тойханасы құс шаруашылығына бейімделді. Сол секілді жұмыстар Қызылорда қаласында да жүргізіліп, «Ұлытау» тойхана-сы шырын, сусын және «Огда» тойханасы автоматтандырылған лаваш шығару өндірістерін іске қосуда. Қазір мұндай жұмыстар барлық аудандарда жүргізілуде. Өндіріс саласымен бірге тойхана иелері мал, құс шаруашылығымен де айналысуда. Осы ретте облыс әкімдігі тарапынан тойхана қызметінің бағытын ауыстыруға ниет білдірген кәсіпкерлерге «Бизнестің жол картасы – 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламалары және «Қызылорда»

өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жан-жақты қолдау көрсетіледі.

Келесі кезекте облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов өткен жылы саланы дамыту үшін Үкімет салықтық ынталандырылар беріп, несиелендіру аясын кеңейткенін айтты. Бизнесі жүргізу шарттарын одан әрі жеңілдету шаралары қабылданғаны және оны дамыту облыста жалғасын тауып жатқанын баяндады. Ал, «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы» МҚУ» ЖШС директоры Самат Ернұазов бүгінгі күні ауыл кәсіпкерлерінің жалпы құны 660,5 млн теңгені құрайтын 136 жобасы мақұлданғанын жеткізді.

– Жобалардың 62 процентін мал шаруашылығы, 21 процентін қызмет көрсету са-ласы құрайды. Өңдеу өнеркәсібі саласында тек 5 жоба мақұлданған. Осы уақытқа дейін орталыққа әртүрлі көздерден 8 млрд, оның ішінде облыстық бюджеттен 3,4 млрд теңге қаржы тартылды. Нәтижесінде 8,3 млрд теңгеге 1 927 бизнес-жоба қаржыландырылып, 2,5 мыңға жуық жұмыс орны құрылды. Қаражаттың шамамен 11,3 проценті өңдеу өнеркәсібіне бағытталды, – деді Самат Ернұазов.

Жиында Үкімет тапсырмасына сәйкес, өңірде «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жана микроқаржы ұйымы құрылып жатқаны айтылды. Мұндағы мақсат – «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқу курсы аяқтаған жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қаржыландыру. Ол үшін Үкімет «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасына өзгеріс жасап, бағдарламаға микрокредит беру құралын енгізді. Оған республика бойынша 22,5 млрд, оның ішінде Қызылорда облысына 1 млрд теңге қаржы қарастырылған. Сондай-ақ, отырыс қорытындысында депутаттар тарапынан сауалдар қойылды және саланы дамытуға қатысты ұсыныс-пікірлер тыңдалды.



БОСҚЫНДАР САНЫ ӨСІП БАРАДЫ

Планетаның әрбір жүзінші тұрғыны – босқын. Олардың саны соңғы онжылдықта екі есеге өсті және бүгінде 82 миллионнан асып отыр.

Бұл туралы БҰҰ есебінде атап өтілген. Мигранттардың көп бөлігі – «ішкі қоныс аударушылар», яғни өз елдерінде босқындарға айналғандар. БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссары Филиппо Грандинің айтуынша, көші-қон мәселелеріне қарағанда, ішкі қоныс аударушылар түйткілдерін шешу қиын, өйткені олар қарулы қақтығыс жағдайында тіршілік кешіп жатыр.

«Иемен туралы, Тиграй туралы, Ауғанстан тура-лы ойланьз. Тренд, одан әрі өсу тенденциясы бар Бұл бізді қатты алаңдатады. Осы есепте ішкі қоныс аудару-шылар саны шамамен 50 миллионға жуықтады» дейді ол. Босқындардың көпшілігі – сириялықтар. Олардың саны 6,8 млн. Екінші орында – палестиналықтар, үшінші орында – венецуэлялықтар. Оңтүстік Судан-мен және Мьянмамен бірге осы бес елдің азаматтары босқындардың үштен екісін құрайды.

ҚАЗЫНА ТОЛЫ КЕМЕЛЕР

Сингапур жағалауларынан қазына толы екі кеме табылды. Су астынан табылған кемелерде құнды жәдігерлер мен XIV ғасырға тиесілі сәнді Қытай фарфоры сақталған.

Сондай-ақ археологтар 4 зәкір мен 9 зенбіректі де судан алып шықты. Табылған жәдігерлер сирек кездеседі, ерекше олжа деп танылған. Фарфор ыдыста-рына гүл бейнесінде суреттер салынған және олар Юань әулетінің билік кезеңіне, яғни XIII–XIV ғасырларға тиесілі болуы мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, ескініш кеме 1796 жылы Қытайдан Үндістанға бара жатқанда батып кеткен. Бұл кемеден археологтар Қытай керамикасының коллекция-сын, сондай-ақ мыс қорытпасы мен шыны құмды ағат-тан сақалған түрлі заттарды тапты.

БИОЫДЫРАҒЫШ БЕТПЕРДЕ

Испанияның Валенсия аймағында бірегей бетперде жасап шығарылды. Нано-талыштардан құралған қорғаныштың ерекшелігі сол, оны пайдаланған соң табиғатта тез ыдырайды.

Биоыдырағыш бетперде өзге бетперделерге қарағанда ауаны жақсы өткізіп, бактериялар мен ви-рустардан да жақсы қорғайды. Оны 2 тәулікке дейін қолдануға болады. Қазір бірегей бетперде сапа сертифи-катын алу үшін соңғы тексерулерден өтіп жатыр. Содан кейін жаппай сатылымға шығарылмақ.

Айта кетейік, әлемде медициналық бетпердені өңдеу ғаламдық мәселеге айналған. Табиғатты қорғаушылар быттыр мұхиттарға 1 миллиард 600 миллион бетперде тасталған деп отыр. Ал олар піру үшін 450 жыл қажет екен.

СПРЕЙ-ВАКЦИНА

Австралия зерттеушілері COVID вакцинасының жана түрін сынақтан өткізе бастады. Өзге екпелерден ерекшелігі сол, ол мұрын спрейі етіп жасалған. Сынақтан сәтті өтсе, вакцина иенеден қорқатындар үшін балама шешім болмақ.

Сынақты Брисбен қаласындағы Nucleus Network дейтін зерттеу компаниясы бастап отыр. Компанияның медициналық директоры, доктор Пол Гриффин қазіргі вакциналардың адамдарды ауыр халге түседен қорғауының, ал австралиялық екпенің вирусты жұқтырудан сақтайтынын айтты. «Патоген немесе вирус азғаға қандай жолмен түссе, екпені сол жолмен салу тиімділікті күшейтеді... соның арқасында вирустың кіруіне жол бермейді» деп мәлімдеді Гриффин.

Ғалымдардың айтуынша, спрей күйіндегі вакцина-лар нарыққа санауды жылдан кейін шықпақ.

МУЗЫКАНЫҢ ӨСЕРІ

Ғалымдар Моцарттың екі фортепианоға арналған K448 сонатасының эпилепсияға қарсы әсері бар екенін анықтады. Сонатаны тыңдау эпиплетикалық ұстамалар кезінде құрысулы тудыратын электрлік ми толқындарын азайтады.

Чехиядағы Масариков университетінің зерттеуші-лері осындай қорытындыға келді. Олар сонымен қатар Моцарт пен Гайдн музыкасының ми толқындарына әсерін салыстырды. Олар операцияға дейін эпилепсия-мен ауыратын науқастардың миына имплантацияланған интракраниальды электродтармен өлшенді. Соны-мен, K448 Моцартты тыңдау эпиплетиформалық разрядтардың 32 процент төмендеуіне әкелді, ал Гайднның 94-симфониясы, керісінше, разрядтардың са-нын 45 процентке арттырды.

Зерттеу сонымен қатар ерлер мен әйелдердің екі музыкалық шығармаға басқаша қарайтындығын көрсетті. Гайднның музыкасын тыңдау тек әйелдерде эпиплетиформалық разрядтардың басылуына әкелді; ерлерде олар көбейді. Бірақ, динамика және тон сияқты акустикалық қасиеттер музыкалық композиция ерлер мен әйелдерге әртүрлі әсер ететіндігін көрсетті.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫНДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҮЛГІЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Басшының аты-жөні, тегі және лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны
Мақашов Сұлтан Ысқақұлы (басқарма басшысы)	Бейсенбі	16.00-18.00	тел: 60-53-32
Қарабаев Ғалымжан Мырзахметұлы (басқарма басшысының орынбасары)	Жұма	17.00-19.00	тел: 60-53-32

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының «Сенім телефоны» 60-53-35

ТАҒЗЫМ

ЖАҚСЫНЫҢ ЖОЛЫ ЖАРҚЫН

Сыр елінің бет-бейнесі соңғы оншақты жыл ішінде өмірге қайта келгендей, көңілге жана енгендей ерекше күй тапты. Елбасы Н.Назарбаевтың: «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерді бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады», – деген сөзі аймақта атқарылған қыруар жұмыстардың нақты бір дәлеліндей.

С Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Осынау жетістіктерге ең көп үлес қосқан құрылыс саласының майталмандары десек, бұл деректі ешкім де жоққа шығармайды. Құрылысшылар әсіресе Қызылорда қаласының келбетін көркейтіп, керегесін кеңейтті. Біз айтып отырған игіліктердің әрдайым басы-қасынан табылып, өзінің ерен еңбегімен танылған құрылыс компанияларының бірі Ибрагим Әбубәкіров басқаратын «Абу-Сер» ЖШС болатын.

Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын бітіріп, еңбек жолын 1989 жылы облыстық су басқармасының қарамағындағы ПМК-33 мекемесінде өндіріс шебері, проара болып бастаған Ибрагим осы салада тәжірибе жинап, 1998 жылдан жеке кәсіппен айналысты.

2001 жылы құрылған серіктестік айналысымен ияқалды қарым-қатынас орната білген Ибрагимнің ұйымдас-тырушылық қабілетінің арқасында аз уақытта әлеуетін арттырып, «Данекер», «Инте-гросстрой», «Промстрой» секілді ірі құрылыс компанияларының қатарынан табылды. Алғашқы кезде ол «сақалды құрылыстарды» сапқа қосты. Ешкім жауапкершілігіне алғысы келмейтін осы жұмыстардың сынынан өтіп, сенім иеленді.

Қызылорда қаласында жаңадан ашылған «Сырдария» тұрғын ауданындағы 5 қабатты 40 пәтерлі тұрғын үй құрылысын сапалы салып, уақытылы пайдалануға берді. Қала және аудандарда мектептер, ауылдық клубтар, балабақшалар, дәрігерлік-фельдшерлік амбулаториялар, басқа да әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізді.

«Абу-Сер» ЖШС тарихындағы елеулі оқиға металық құны сол уақытта өте көлемді қаржыны құрайтын «Облыстық мекемелер үйі» ғимаратының құрылысын қолға алу ерлік іспен тең еді. Көптеген сыни пікірлерге қарамастан, барлық сот процедураларынан ұтып шығып, облысымыздағы ең еңселі, күрделі, әсем ғимаратты серіктестік мерзімінен бұрын пайдалануға тапсырды. Сыр-дария өзенінің сол жағалауын игеру басталғанда да ең бірінші

болып жер ашып, жең түрген осы «Абу-Сер» болатын. Сөйтіп, өз есебінен №18 бескабатты тұрғын үй құрылысын және 320 орындық «Ханшайым» балабақшасын салып, тапсырды.

Сол жағалаудың құрылысын бастарда бір тосын жағдай орын алды. Дарияның арғы бетінде бұрыннан тұрып келе жатқан он бес шақты жеке үй болатын. Әкімдік оларға қаладан алыс маннан, Талсуат аумағынан жер учаскесін беріп, құрылыс компанияларына үй салып беруді тапсырды. Солардың бірі берілген жерге бармады, өзі «Арай» шағын ауданынан жер учаскесін тауып, үйді сол жерден салып беруді сұрады. Осы іске ойланбай кіріскен Ибрагим қаланың сырты емес, іші ғой деп әлгі кісінің айтуымен келісті үй салып, оның жылуын, газын қосып, тап-тұйнақтай етіп тапсырды. Енді осымен болды демей, сол үйге қайта айналып соғып, жағдайын сұрап тұрды. Үйдің коммуналдық қызметінен ақау жоқ па, жылы ма деп олардың мәселесіне өзінің кез келген уақытта көңіл бөлетінін білдіргендей үй иелерінің ризашылығын жеткізе айту қиын.

«Абу-Сер» республикада ба-ламасы жоқ «Жастар орталығы» ғимаратын және №№20, 32, 42 көпқабатты тұрғын үйлерді тұрғырынан көтерді.

Серіктестік басшысы көңілді жүргенді ұнатынын азамат, спорттық жаксы көретін. 2015 жылы «Арай-1» шағын ауданындағы 900 орынды мектеп-лицейді пайдалануға берді. Оның спорт алаңы көк төселген, айналасы қоршалған көзтартарлық әлемі болып шықты. Сол спорт алаңында барлық құрылыс бригадасын жинап, футболдан, волейболдан жарыс ұйымдастырды. Сонан соң жеңгенге де, жеңілгенге де – бәріне ақшалай, заттай сыйлықтар таратты. Ибекен сот процедураларынан ұтып шығып, облысымыздағы ең еңселі, күрделі, әсем ғимаратты серіктестік мерзімінен бұрын пайдалануға тапсырды. Сыр-дария өзенінің сол жағалауын игеру басталғанда да ең бірінші



мұқтаж жандарға көмектесуді өзінің басты парызы санаған жан. 2004 жылы қаланың «Шанхай» ауданында тұратын бір жалғызбасты әйелдің үйінің іргесіне ыза теуіп, құлау қаупіне жеткенін кездесіп көріп қалып, жана үй салып берді. Алты аласыз, бес бересіз кісінің өзіне осынша жақсылық жасағанына көпке дейін сене алмаған тұрғын кезінде облыстық телеарна арқылы қам-қоршысына алғыс та білдіріпті. «Ол кезде компанияның әлеуеті көтеріле қоймаған, біреуге үй салып беретін жағдайда емес-піз. Шынымызды айтсақ, бас-шымыздың сол кісінің үйін салып жатқанын бірге қызмет жасайтын өзіміз де білген жоқпыз. Ибрагим – жұртқа жақсылық жасау арқылы Жарату-шы Иенің ризалығына бөленген жан. Ол ешқашан бергенін ай-тып, риялыққа бармайтын, не ітессе елеусіз ғана жасайтын», – дейді мекеменің бүгінгі қыз-меткерлері.

«Абу-Сердің» салған нысан-дарын айта берсек, салақұлаш тізім шығады. Арал және Жалағаш аудандық ауруханалары-ның да құрылысын жүргізген осы серіктестік болды. Бұл серіктестіктің жоғарыда аталған күрделі құрылыстар салудағы іс-тәжірибелерін ескере оты-рып, 2018 жылы облыс басшы-лары елорданың 20 жылдығына Қызылорда облысының тартуы – «Зымыран-ғарыш техникасы музейінің ашық экспозициясы» құрылысын салуды сеніп тап-сырды. Серіктестік бұл жолы да сенім үдесінен шығып, әлемде баламасы жоқ ғарыш кемелері үлгісіндегі музейді салып, уа-қытында бітірді. Бұл музей бүгінде елорда тұрғындарының, қала қонақтарының, шетелдік туристердің сүйікті демалыс ор-нына айналып отыр.

Жанында болғандардың ай-туынша, Ибрагим Астанада



(елорданың сол кездегі атауы) ашық экспозиция құрылысын салып жатып та, қаншама мұқтаж жандарға қайырымды-лық жасапты. Қызметтестері өз-деріне де, басқа да талай адамға дәл өзінің туысындай қылып жәрдемдескенін аузынан та-стамайды. Жақсылығын айтпайтын, бергенін сұрамайтын қасиетіне көбірек тоқталады.

«Қазаққа «өлер бала өзгеше» дейтін сөз бар. Өмірінің соңғы күндері андаған адамға Ибрагимнің бойынан көп нәр-селерді байқауға болады екен. Бірақ, ондай ой үш ұйықтасак түсімізге кіріп пе? Сонда Ибрагимнің жүзінде ауырып жүрген жандай солғындық, жү-деушілік болған жоқ. Оның өн бойында біз аңғара қоймаған бір нұрлы кейіп болды. Алла оның ішкі жан жарығын сыр-тына шығарып қойғандай сол сәттерге көз тоқтатпапыз.

Маханбетов ауылының тұр-ғындары Ибрагимді өз ауылы-ның баласындай жақсы көрді. Сол ауылдағы «Қарақожа» қо-рымын жөндеп, айналасын қор-шаймын деген ойы, мешіт сал-сам деген ниеті болды. Оларды жасай алмады, өмірі жетпеді. Өзі қайтыс болған соң сол істі баласы, Рүстем ініміз қолға алды. Қорымды қоршап, айна-ласын тегістеп, жол төседі...», – деп еске алады апасы Роза Серікбайқызы.

Адамдық қасиет иесі айтып өткенімдей, Қызылорданың дамуына үлкен үлес қосты, құрылыс саласында табысты еңбек етті. Аймақта абыройлы мекеменің көшін бастап, қала-сыздың жаңаша сипатқа ие болып, архитектуралық кел-бетінің заманауи түрленуіне айрықша аталысты. Оның осындай еңбегі Үкімет тарапы-нан да лайықты бағасын алды. «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдарын, «Құрылыста сі-ңірген еңбегі үшін» орденін омырауға тақты.ҚР Ұлттық бизнес рейтингі ұйымдастыру комитетінің номинациясы бой-ынша «Үздік құрылысшы», «2014 жылдың Басшысы» ата-лымдарын алды. Қазақстанның құрметті құрылысшысы, Қы-зылорда қаласының құрметті азаматы атанды.

Ибрагим зайыбы Бақыт екеуі отбасында екі қыз, үш ұл тәрбиелеп, олардан немере сүйді. Ұлдың үлкені Рүстем Ибрагимұлы қазіргі кезде әкесі негізін қалаған «Абу-Сер» се-ріктестігіне жетекшілік жасап отыр.

Асыл азамат Ибрагим Серік-байұлы Әбубәкіров 2020 жыл-дың 3 шілдесінде өмірден өтті. Алайда, оның ізгілік шапқан ісі мен ізі кейінгілер үшін айқын жол көрсетіп, ұрпақ үлгісіне ай-налады деп сенеміз.

ҚАРЖАУБАЙ ӘУЛЕТІНІҢ ҚОС ДІҢГЕГІ

Бұл жазба – үлкен бір әулеттің қос бірдей діңгегі жайындағы ойтолғақ. Сыр елінде бұл әулетті білмейтіндер, «танымайтын едім» дейтіндер кемде-кем шығар, сірә. Бұл біздің ойымыз ғана ма? Жоқ, көптің ойы. Сыр топырағында ғұмыр кешіп жатқан үлкенді-кішілі көп кісілердің лебізі десек те болар! Көзіміз көрді, құлағымыз естіді, көңіл сенді. Олар кімдер?

Бүкіл ғұмырын қаламға бағындырып, талай-талай ойлы мақалалар мен ойтолғамдар жазған журналист Молдабай Қаржаубаев пен жан жары, осы әулеттің сүйікті келіні, ұзақ жыл мектепте ұстаздық еткен Тұрсынбике Жексенбайқызы. Тағдыр деген қызық! Тағдыр деген тар соқпақтың, ойлап қарасаң, қатпарлы мен қалтарыстары, бұраланы мен бұрылыстары мол-ақ. Мен осы Қызылорда өңірінде он жылдан астам уақыт қызмет атқарыппын: әуелі Тасбөгеттегі аудандық газетте әдеби қызметкер, сосын облыстық комсомол ұйымында бас-шы қызметте, одан кейін Қа-зақстан Журналистер одағы облыстық ұйымының жауап-ты хатшысы болыпшы. Міне, сол облыстық журналистер ұйымында жүрген кезде Қа-заны аудандық газеті бас ре-дакторының орынбасары Молдабай Қаржаубаевпен қой-ын-қолтық араластық. Ол сол аудандағы журналистер ұйымының қоғамдық негіздегі хатшысы еді. Ай сайын десек те болар, жиі-жиі телефон ар-қылы хабарласамыз, аудан көлеміндегі қаламы жүрдек тілшілерді қалай қолдап, қала-лай марапаттап қоюды ақыл-дасамыз. Айтпақшы, сол жылдары Қазалы аудандық газетінің бас редакторы, қарымды қаламгер-журналист Әлмәмбет Әлішев ағамыз Қа-зақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атағын жеңіп алғанына екеуіміз қо-сыла қуанып ек. Молдабай аға мейірімді мол, өзгенің жетістігіне қуана білетін, жүрегі тазан еді. Содан да болар, өзінің соңынан ерген қаламы жүрдек журналистер Миуа Байназарова, Қасқырбек Мәмбетжанов, Бақытжан Жалғасбаев, Раушанбек Сейтен-ғос, Насифолла Аяғанов, т.б. іні-қарындастарынан ағалық ақылын аяған емес. Бұлардың арасында өзінің туған қарын-дасы, журналист әрі ақын Алмагүл Қаржаубаева да бар. Ал, тағы бір ізбасар қарындасы Шәмшия Жұбатова болса бұл күнде бүкіл қазаққа есімі бел-гілі ақын.

Қызық болғанда, арада жылдар жылжып, мен бұл кезде қызмет жағдайымен Алматыға қоныс аударып үл-гергем. Қыраш ауылында тұ-рып жатқан туған ағайым Елтайдың кіші қызы Инди-ра Молдабай ағаның үлкен ұлы Арманға тұрмысқа шы-қты. Біз құда болдық. Той қы-зықшылығын бірге өткердік, бірге тойладық, бірге тамаша-ладық.

Міне, осы қызықшылық үстінде құдағнымыз Тұрсын-бике ханыммен жақын таны-сып, кеңірек сөйлесіп, тіпті тез арада туыстай болып кеттік. Ол кісінің қонақжайлылығы, кең пейілі, аналық ақ жүрегі бізді ризалық сезімге беледі.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясы облыстық фили-алы, облыстық Қоғамдық және Ардагерлер кеңесі тәуелсіз журналист, облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі Шалғынбаева Айткүл Жетібайқызына әкесі

Жетібай Шалғынбаевтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақта-сып, көңіл айтады.



Сол жолы қанықтым: Тұр-сын құдағы ұзақ жылдан бері мектепте ұстаздық ете-ді екен. Ол кісінің алдын көрген шәкірттері қазір бір мектептің тізгінін ұстаған Ал-магүл Алуашева, аудандағы балабақша меңгерушісі Сәуле Мұқашева, облысқа белгілі кәсіпкер Алмагүл Құрақбаева, т.б. ұстаз есімін әулетте, биік ұстап келе жатқанын білдім. Өн әлемінің Ақбаяны, ерекше дауыс иесі, марқұм Мәдина Ералиева да Тұрсын ұстаздың алдын көріп, алғашқы білі-мін ұштапты. Айтпақшы, апа-сының тәрбиесін көріп, сол ұс-таздық жолды қалаған сіңлісі Шәкизада Жанабаева да фи-зика-математика пәнінің жетік маманы болды, кейінірек ты-нымсыз еңбегі еленіп, мектеп директоры деңгейіне көтеріле алды. Осылайша, бұрын аға-ның дос болған екеуіміз енді жастардың арқасында, қазақ айта беретін бауыздау құда бо-лып шыға келген едік.

Өмір деген неткен өткінші, неткен жылдам, неткен сырғы-малы? Өне-міне деп жүріп, арада тағы да бірнеше жыл-дар жылжып кетіпті-ау. 2008 жылдың сәуір айында ұзақ-қа созылған науқастан біздің құдамыз Молдабай Қаржау-баев фоницен бақпағ озыды. Ал-пыс жастан аса бере сұм ажал абзал жанды, қаламы жүрдек журналисті арамыздан алды да кетті. Бұл жағдай оның отба-сына да, біздей жакындарына да ауыр тиді. Бірақ, амал қанша?

Молдабай құданың артын-да қалған жан жары Тұрсын құдағы екі ұл, екі қызды – Ар-ман мен Русланды, Жанар мен Шынарды қызғыштай қорып, шамасы жеткенше солардың бақытты ғұмыр кешкеніне куә болуға ұмтылып бақты. Өз қадірі ғана емес, сөз қадірі жеткен жерге дейін төрт құ-лыны қиыншылық көрмесе екен деп шырылдап, аналық үнін естіртті. Балаларына да талап қоя білді: сендер Қар-жаубай әулетінің ұрпақтары-сындар, киелі әулетке кір келтіре көрмендер деп өсиет-теді. Сөйтіп те, өзі де тосын-нан жабысқан кеселдің зарда-бынан биылғы жылдың мамыр айында жарық дүниеге қош деп, күйеуі мәңгі дамылдаған мекенге аттанды.

Әлбетте, біз бұл қоштасу лебізін тілге тиектей отырып, тағы да төгіле толғап, көп жайт-тарды тоқтаусыз жаза алар ек: Молдабай Шәріұлы мен Тұрсынбике Жексенбайқызы-ның көзі тірісінде ел құрметіне бөленіп, нешелеген алғыс хат-тар мен мақтау грамоталарын иеленгенін тізіп жаза берсек те болар еді; тіпті Молдабай азаматтың журналистика мен спортты қатар ұстап, аудандық спорт комитетінде, аудандық әкімдікте жауапты қызметтер

атқарғанын да ежіктеп баян-дай алушы ек; қаншама аудандық, облыстық, тіпті республикалық бәйгенің же-німпазы болып, тиісті жүлдені қанжылағанын да сіздерге жеткізуге асыққан болар едік; тіпті ұстаз-ананың шәкірттер тәрбиелей жүріп, аудандық, облыстық білім басқармасы-ның түрлі марапаттары ие-ленгенін де жаза беруші ек. Алайда... Қаржаубай әуле-тінің қос діңгегінде болған екі кісінің өмір айдынында еркін жүзіп, таза еңбек етіп, ел-жұрты алдында зор құр-метке бөленгенін артық қан-дай марапат керек? Екеуінің ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп, сонында өте тәрбиелі ұрпақ қандырғанынан өткен үлкен бақыт бар ма?! Ұрпақ демекші, үлкен ұлдары Арман Сыр еліне белгілі азамат, Руслан – ана жолын қуған, ұстаздық кәсіпті қалаған, бұл күнде мектеп ди-ректоры. Қос қарлығашы да – өмірден өз жолын тапқан, от-басылы, бақытты аналар.

Өмірден екеуінің де тым ерте өтіп кеткені өкінішті, әрине. Мынадай мамыражай заманда, медицина барына дамыған уақытта 60-70 жас де-ген не тәйірі?! Десе де, Алла тағаланың өлшеп беретін өмірі шара болса, тауба демексе не расқа? Үкім – Алладан деп жа-тады ғой.

...Мамыр айының аяқ ше-нінде Тұрсын ұстаз өмірден озды деген суық хабар жеткен-де, расы сол, біршама уақыт есенгіреп отырып қалып едік. Соңғы 15-20 жылда тығыз араласып, тіпті елордадағы үйімізге келіп, Ботағоз құда-ғының қолынан дәм татып, аптапал жатып, қадірлі қо-нағымыз да болған-ды. Шәй үстінде ағыл-тегіл әңгіме ай-тып, өткен күндерге де саяхат жасап қоюшы ек.

Барып жерлеп қайтуға, қа-біріне топырақ салуға оқталған да жағдайымыз бар-ды. Алай-да, мына пәлекет кесел тағы да аяқтасуа болды: жолға шыға алмадық.

Осы жүрекжарды жазба-лар сіздерге, Молдабай Шәрі-ұлы мен Тұрсын Жексен-байқызы, өздеріңізге деген ыстық ниетіміз бен сыйлас-ты көңіліміздің белгісі бол-сын. Топырақтарыңыз торқа, жандарыңыз жайлы орында жайғассын, нұрларыңыз пе-йіште шалқысын, бізге аса қымбат асыл жандар! Сіздер өмірден озсаңыздар да Қар-жаубай әулетінің туын жоғары ұстар ұрпақ бар, соларға сенімдіз.

Адам ұрпағымен мың жа-сайды.

Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ,
Қазақстан
Республикасының еңбек
сіңірген қайраткері, ғалым,
жазушы, драматург.

Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жоба-лау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөгі Ресорсиз» (21-05-03). «Қызылқыя кенішіндегі мобилді қондырғыға кірме автожол» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 ме-кенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны:
8(7242) 29-91-92.

МАЛ–ЖАНЫҢЫЗ АМАН БОЛСЫН!

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – «Ветеринариялық паспорт беру» мемлекеттік қызмет түріне жатады. Бұл қызметті облыстық ветеринария басқармасына қарасты қала, аудан, ауылдық округтердегі ветеринариялық ұйымдар (ветеринариялық станциялар мен ветери-нариялық пункттер) тегін көрсетеді.

Бұл дегеніміз – Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы жа-нуарларын бірдейлендіру» дерекқор жүйе-сіне мәліметтерді енгізіп, ветеринариялық паспорт бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды пайдалану, танбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу рәсімі.

«Ветеринариялық паспорт беру» мемле-кеттік қызметі «Ветеринария туралы» Заңға және Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығына сәйкес көрсетіледі. Үкімет құрған ветеринариялық ұйым «Процессінгікті орталық» жеке нөмір береді.

Бірдейлендіруге сырға (аспалы, радио-жиілік таңбасы бар), чип және басқа да бұйымдар пайдаланылады. Жануарлар төлі мынадай жасқа жеткеннен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бір-дейлендіріледі:

– бұзау, козы, лақ, бота туғаннан жеті күн өткен соң;

– құлын төрт айлығынан бастап (танбалау кезінде), туғаннан жеті күн өткен соң (чип-теу кезінде);

– тақ тұяқты жануарлардың төлі (есек, қашыр, пони, зебра, құлан және басқа жану-арлар) – төрт айлығынан бастап (танбалау

кезінде), туғаннан жеті күн өткен соң (чип-теу кезінде) соң;

– асылтұқымды торай, әрі қарай өсіруге және өсімін молайтуға арналған торай және халық шаруашылықтарында күтіп-бағылатын торай туғаннан жеті күн өткен соң;

– ауыл шаруашылығы кәсіпорында-рында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торай тоғыз айға толғаннан жеті күн өткен соң.

Бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарлары жеке нөмірлері бойынша де-рекқор жүйесіне енгізіледі. Осы жыл басы-нан 73,4 мың бас МҚ, 228,6 мың бас уақ мал, 10,5 мың бас жылқы, 7,9 мың бас түйе, 455 бас шошқа бірдейлендіріліп, дерекқор жүйесіне қосылған.

Облыс бойынша дерекқор жүйесінде 386,2 мың бас МҚ, 865,4 мың бас уақ мал, 173,5 мың бас жылқы, 57,3 мың бас түйе, 1,7 мың бас шошқа, 814 бас тақтұяқты тіркелген.

Сонымен қатар, бірдейлендірілген жануарларға 16 түрлі аса қауіпті және 6 түрлі энзоотиялық ауруларға қарсы алдын ала егу іс-шаралары тегін жүргізіледі.

Мал-жаныңыз аман болсын, ағайын!

Облыстық ветеринария басқармасы

«Қандас» мәртебесі қалай беріледі?

Қазақстан Республикасының аума-ғына өз бетінше келген этникалық қазақтарға қандас мәртебесін беру Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Қандас – бұрын Қазақстан Рес-публикасының азаматтығында бол-маған, тарихи отанына келген және «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына сәйкес белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері.

Қағидаға сәйкес өтінішті қандас мәртебесін алуға үміткер этникалық қазақ жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік корпорацияға тиісті құжаттарды қоса бере отырып ұсынады (өмірбаян (еркін нысан-да); өтініш берушінің және оның от-басы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аударма-сымен (туу туралы куәлік, шетелдік па-спорт, азаматтығы жоқ адамның куәлігі немесе этникалық қазақтардың шыққан елдерінің арнайы органдарының басқа да ресми құжаттардың көшірмелері).

Бүгінде облыс аумағына тіркелген 17 адамға (14 отбасы) қандас мәртебесі беріліп, 2 адамның мәртебесі ұзартылды.



● 23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

Аудандық полицияның қызметтік «УАЗ»-ы Тереңөзек кенті тұсынан «Жалағаш-Қызылорда» даңғылына шыққаны сол-ақ, моторы селкілдеп сөңсін де қалсын. Рульде отырған полиция майоры Ырысбек Ибраев кабинадан ыргып түсті де, қапottты ашып жіберіп, моторға үнілді. Бензин-сорғыштын құлағын ыргып-ыргып жанармай келтірді. Ресейде жасалған машинаның бір осал жері – осы. Қызып кетсе бітті, қозғалтқышы бырқылдайды да қалады.

– Қап, не көрінді мынаған? – деп алдыңғы отырғышта отырған подполковник Болатбек Токберішев терішген самайын сүртіп, есікті ашып қойды. – Күннің жануын-ай, ә! Кешкі сегіз болса да қайнап тұр.

Артқы жаққа жайғасқан лейтенант Раджап Салахадин үндей қоймады.

– Жап-жаңа машина... – Сөзінің соңын жұтып, ызаланған Ырысбек май жұққан қолын шүберекпен жүре сүртіп келіп, кілтті бұрап қалып еді, мотор гүр етіп оталып кетті.

– Өй, бәрекедді! Жарайсын! – Подполковник разы болып, көңілденіп сала берді. – Кеттік!

Таблетка «УАЗ» бір жұлқынып, алға ұмтылды.

Бағана ішкі істер бөліміне жанадан келген бастық, подполковник Әмір Шаймағамбетов ауданда қылмыстың деңі ашылмай жатқанын тілге тиек етіп, талайdan жұмыс істеп келе жатқан жергілікті жігіттерге кінә арта сөйлеген еді. Бұйырып да айтты, ренішін де жасырмады. Соңын кеңеске айналырды.

– Біздің жұмыста ұсақ-түйек деген болмайды. Қылмыстың ашылуы, көп жағдайда оқиға орнын жіті тексеруге байланысты. Тоғызыншы разьезде тұратын Талдыбай Басаров деген кісі арызданып бүгін тағы келді. Төрт сиырын өрісте жайылып жүрген жерінен біреу сойып әкеткен. Біреуі сауын сиыр екен. Шалдың өзі іздеп тауыпты. Бас-сирағын лақтырып, ішек-қарнын ақтара салыпты дейді. Жасырып, әуре болмаған. Ұрылар тіпті жасқануды қойып барады. Әбден басынған. Оқиға орнына барған учаскелік полиция инспекторы күдікті ештеңе таппай, құр қол қайтыпты. Қалайша ештеңе таппайды? Оқиға болған жерде әйтеуір бір белгі қалуы керек қой. Жоқ, бұлай болмайды, жігіттер. Қайта тексеріңдер. Беке, жігіттерді алып, өзін бар! – деп, қатаң тапсырып еді.

Жанына бір майор, бір лейтенантты алып, сол бағытқа өзінің бас болып шығу себебі осы. Бағыт – тоғызыншы темір жол бекеті. Тереңөзектен он-он бес шақырым ұзай беріп еді. Қалғы қорымына қатарлас жатқан «Нұртуған» деген жерге жете бере сол жақ беттен бір аппақ «Жигули» трассаса атып шыққаны. Жаңт-жаңт қарасты. «Жүрісі ыңғайсыз екен» деп ойлағаны сол, «Жигули» бұрылып алды да, алды-артына қарамай қаланы бетке алып қайқайып бір берсін.

– Бас, артынан! Дәу де болса, ұры осы! – деп, Болатбек тіктеліп отырды. «Жигу-

ли» сәт сайын алыстай берді. Аңғарып қараса, расында күдікті көлік шыққан тұс ба-

ТАКСИ АУЛАҒАН ТАЖАЛДАР



деректі әңгіме

саровтың малы ұрланған жақ. Тоғызыншы темір жол бекеті оның арғы жағында. «Жигули» Қызылордаға қарай салып ұрып, барынша ағызып барады. «УАЗ» ыңыранып барын салса да, біртін-біртін екі аралық алшақтап, қарасын үзіп кетті. Тоғызыншы темір жол бекетінен өтіп, «Әйтеке» су торабына жетпей, ескі темір жол өткелі тұсына келгенде оң жақтан шок жаңғыл көзге шалынды.

– Өне, жыңғылдың артында... кері бұрыл! – деп қалды Болатбек. – Раджап, сен бар! Біліп кел!

«Жигулидің» төбесіне бекітілген таксидің сары айдар белгісін жыңғылдың тасасынан Раджап та аңғарып қалған екен. «УАЗ» дереу айналып келіп, «Жигулиге» екі-үш метр жетпей тоқтағанда, лейтенант көліктен секіріп түсіп, екі аттап жанына жетіп барды. Сол сәт орнынан ытырына атылған такси, тағы да зымырап ала жөнелді. Енді ол Тереңөзек бағытына қарай ұшты.

– «Жигулидің» артында біреу жатыр. Үсті-басы кан-

қан! – деп, машинаға асығыс мінген Раджап рацияға жармасты. – Күдікті ақ «Жигулиді» қуып келеміз! Тоғызыншы разьезді жақтамыз. Барлық жолдар жабылсын! «Жигулиде» жаралы адам бар! Күдікті ақ «Жигулиді» қуып келеміз! Нөмірін көре алмадық. «Қызылорда-Жалағаш» трассасы. Барлық жолдар жабылсын! «Жигулиде» жаралы адам бар! Тағы да көз жазып қалды.

Қара жолдың ақ кебір топырағын бұрқыратып бұлар да алға тартты. «Жигули» атыздың бұрыласында іркіліп тұр екен, екпіндеп келіп қалған «УАЗ»-ды байқап, тұра қашты. Қара жолдың құрғақ топырағын көкке көтеріп барады. Көкала шаңнан жолдың табаны көрінер емес.

– Ырысбек, байқа, жаралы адамды лақтырып тастаса, басып кетуің мүмкін, – деп Рад-

АВТОРЛАРҒА АНЫҚТАМА



Нұрлыбек САМАТУЛЫ

Қызылорда пединститутының «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетін бітірген. Осы оқу орнында мұғалім, Қызылорда облыстық телерадиокомпаниясында, «Хабар» телеарнасында редактор, республикалық «Ана тілі» газетінде, «Жұлдыз» әдеби журналында бөлім меңгеруші қызметін атқарған. Қазір «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы. ҚР Мәдениет саласының үздігі.



Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ

Өскемен жол құрылысы институты мен Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын бітірген. Сырдария аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының бастығы, облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. Полиция полковнигі. Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, «ҚР Ішкі істер органдарының Құрметті қызметкері».

пышақталыпты. Өрен дем алады. «Су... су...» дейді сыбырлап. Көзі жұмылып кете береді.

– Мұндайда су беруге болмайды. Өліп кетуі мүмкін. Ер-

нің ылғал шүберекпен жібітші, – деді Ырысбек.

Осы сәт жеделдетіп подполковник Әмір Шаймағамбетов мінген машина жетті. Жанында тергеу жөніндегі орынбасары, майор Айдар Мәнішәріпов, аудандық МАИ бөлімінің бастығы, майор Марат Еспенбетов, капитан Алмас Наурызбаев бар. Олардың соңын ала криминалист, майор Әмір Дәрібаев, майор Талғат Төлегенов, аудандық МАИ бөлімінің бастығы, майор Марат Еспенбетов, капитан Бек Төлешов келіп үлгерді.

Қаладан облыстық Ішкі істер департаменті бастығының жедел істер жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі Ғалымжан Ахметұлы Ахметов, Криминалды полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Талғат Айтбайұлы Ыстықбаев, облыстық тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ғанибек Сырмағамбетұлы Отарбаев және облыстық полиция департаментінің криминалды полиция басқармасының жеке тұлғаларға қарсы жасалған аса ауыр және ауыр қылмыстарды ашу бөлімінде Әмірмен бірге жұмыс атқарған полиция майоры Жақсылық Сұлтанбеков, подполковник Ораз Дәуленов, майор Нұрлан Алдамжаров, майор Бауыржан Өтеулиев, майор Ислам Датаевтар ілгерінді-кейінді келіп жатты.

*** Полиция подполковнигі Әмір Шаймағамбетовтың Сырдария аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып келгеніне көп уақыт өткен жоқ, бар болғаны екі-ак ай. Бұның алдында Қызылорда қалалық Криминалды полиция басқармасының ауыр қылмыстарды ашу бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Қалада оқып, еңбек жолын қалада бастады демесен, ауыл өмірі оған етене таныс. Малды ауылда туып, малды ауылда өсті. Малмен көзін ашты. Адам ала ма,

қасқыр жей ме, кім білсін, әйтеуір жыл сайын бір мал шығын болатын. Ол кездің адамдары бірлі-жарым жоғалған малды садақаға жатқызады. Ит-құстың несібесі деп, жылы жауып қоя салады. Қазіргідей қоралап айдап кететін ұрыны ел білмейтін. Қазіргінің ұрысы қанағатты қойған, көзін тайса, түіені түгімен, жылқыны жүгімен жұтады. Өрісте жүрген жерінен сойып әкетіп жатқандары қаншама?!

Ауданда қылмыстың көбейіп кетуіне ең әуелі ауыл халқының жұмыссыз қалуы себеп. Жоспарлы экономикаға негізделген социализм ұшпаққа шығармады. Ендігі сүйенішіміз нарықтық экономика деп жұбатады. Бұрынғы етек-жеңі жинақы Тереңөзекке Сырдария ауданы қосылды. Құрылым іріленді. Бұл да қылмыстың көбеюіне сеп. Бұл – екі. Оның үстіне аудан аумағы Қызылорда қаласын қоршай орналасқан. Қала деген тиіп тұр, ал қалада не болмайды, қалада бәрі болады.

Алайда даланың ұрысы қаланың ұрысына ұқсамайды. Далалық ұрының діттегені – мал ғана. Бұл ауданда да солай. Соңғы кезде Дінмұхамед Исаев, Серік Жүсіпов, Нұрлан Отызбаев сияқты мал ұрлығына қатысы бар адамдардың аты-жөндері белгілі болды. Ашылмай жатқаны қаншама?! «Ет дәмділігін қойса, мен ұрлығымды қояр едім» деген екен бағының ұрысы. Соған қарағанда, мал ұрлығы сірә, тыйылмас. Дегенмен полиция қырағы болса, ұры да аяғын тартып жүрер еді-ау.

Әмірдің ойы – осы. Әзінің жедел істер жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Болатбек Токберішевті оқиға орнын тексеруге жіберген себебі де сол. Ойы алдаматты, кешкі сағат жетіден өте аттанған Болатбектен көп ұзамай хабар жетті. Күдікті ақ «Жигулидің» соңына түстік дейді. Артынша оның ішінде біреудің қансырап жатқаны белгілі болды. Іле дабыл қағылды. Полиция атаулы аяғынан тік тұрды.

(Басы. Жалғасы бар)

Eurasian Bank

КРЕДИТ РЕСІМДЕП
ЕЛОРДАДАН ПӘТЕР ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!

ОФОРМИТЕ КРЕДИТ
ВЫГРАЙТЕ КВАРТИРУ В СТОЛИЦЕ!

Beeline +7 771 000 7722
Tele2 / Altel +7 700 000 7722
Kcell / Activ +7 702 000 7722

eubank.kz

Акция кезеңі: 2021 жылғы 15 наусынан бастап 15 қыркүйекке дейін
Период акции: с 15 июня по 15 сентября 2021 года

ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2020 жылғы 3 желтоқсаны №1-2-68(242)/40 лицензиясы
Лицензия №1-2-68(242)/40 от 3 февраля 2020 года, выданная Агентством РК по регулированию и развитию финансового рынка.



● НЫСАНА КӨЗДЕУ

Мақсат – құрама жасақтау

Облыс орталығында мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында нысана көздеуден жарыс өтті. Оған Қызылорда қаласы мен аудандардан спортшылар қатысты.

– Қыркүйек айында елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында ҚР спартакиадасы жалауын көтерді. Мақсатымыз – аталған бәсекеле бақ сынайтын облыс құрамасын жасақтау, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың дене дайындығын жетілдіріп, спортпен тұрақты шұғылдануға тарту, – деді жарыстың бас төрешісі Жұмабек Дәрмен.

Жекелей сында ерлер арасында R-1 бағдарламасы бойынша жалағаштық Азамат Нұрғали жанғамбет атанды. Ал сырдариялық Рахмет Нұрмағамбет пен аралдық Мейрамбек Әлманов үздіктер қатарына енді. R-2 бағдарламасында әй-

елдер арасында жалағаштық Салтанат Дәржан-ның мерейі үстем болса, одан кейінгі орындарды сырдариялық Сандуғаш Бакеева пен аралдық Айман Сұлтанова өзара бөлесті.

● КҮРЕС

Командалық есепте бірінші

Манғыстау облысының орталығы Ақтау қаласында өткен белбеу күресінен ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан құбогында қызылордалық қыздар құрамасы командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.

Беделді бәсекеле Бибіхан Нәбиева (52 келі) мен Нұрбану Убайдулла (76 келі) жеңіс тұғырына көтерілді. Ал Назерке Әбілғаева (52 келі), Алиса Нұртас (76 келі), Меруерт Әбубәкір (76 келіден жоғары) күміс жүлдеге қол созса, Зулфия Баянова (58 келі) мен Жансая Мұрат (66 келі) қола медаль алды.

Ерлер арасында 82 келі салмақта Рахымжан Мансұр ел кубогының жеңімпазы атанды. Оған қоса Жомарт Қожахмет (68 келі) екінші, Бекзат Алдабергін (57 келі), Мейірман Қокантаев (62 келі), Айбергін Алдабергін (90 келі) үшінші орын алды.

● КАРАТЭ-ДО

Тараз қаласында каратэден өткен Жастар спорт ойындарында облыс құрамасы 1 алтын, 2 күміс, 4 қола медаль олжалады. Нәтижесінде жалпыкомандалық есепте төртінші орынға тұрақтады.

Жеті медаль алды

Жекелей сында Әсемгүл Ердузет алтын медаль жеңіп алса, Кемелбек Қабланбек пен Ақмарал Бекназар күміске қол жеткізді. Ал, Ғабиден Ұрынбаев пен Дәуренбек Берманов қола жүлдені еншіледі. Командалық күмізде ұлдар мен қыздар қола жүлдеге ие болды.